

Әскери қызметшілерді азық-түлікпен ақылы қамтамасыз ету және әскери бөлімдер ұсынатын тауарлар мен көрсететін қызметтерін сатудан түскен қаражатты пайдаланудың жекелеген мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 қазандағы N 1152 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 417 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Әскери қызметшілер (мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) мен олардың отбасы мүшелерін азық-түлікпен ақылы қамтамасыз етудің ережесі;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдері ұсынатын тауарлар мен көрсететін қызметтерін сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 30 қазандағы
N 1152 қаулысымен
бекітілген

Әскери қызметшілер (мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) мен олардың отбасы мүшелерін азық-түлікпен ақылы қамтамасыз етудің ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әскери қызметшілер (мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) мен олардың отбасы мүшелерін азық-түлікпен ақылы қамтамасыз етудің ережесі "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және

оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңының , 10-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және комендатураларда (бұдан әрі - әскери бөлімдер) қызмет өткеретін әскери қызметшілер (мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) мен олардың отбасы мүшелерін азық-түлікпен ақылы қамтамасыз етудің тәртібі мен нормаларын белгілейді. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. N 912 қаулысымен .

2-тарау. Әскери қызметшілерді азық-түлікпен ақылы қамтамасыз етудің тәртібі мен нормалары

3. Әскери қызметшілерге азық-түлік беру әскери бөлімдердің азық-түлік қоймаларында жүргізіледі.

4. Отбасы мүшелерінің саны көрсетілген әскери бөлім командирінің бұйрығы әскери қызметшілерге азық-түлік беру үшін негіз болып табылады.

5. Азық-түлік алу тізіміне енгізілуі үшін әскери қызметші өз еркімен отбасы мүшелерінің санын көрсетіп, әскери бөлім командирінің атына рапорт береді.

6. Әскери қызметшінің азық-түлік үшін ақы төлеуі әскери бөлімнің қаржы бөлімінде (қызметінде) азық-түлік берген материалдық жауапты адам жасаған әрі бөлім командирі бекіткен жиынтық ведомостың негізінде жүргізіледі.

7. Азық-түлікті әскери қызметшілерге беру ай сайын үйлестіру ведомосы бойынша, сондай-ақ әскери қызметшінің тілегі бойынша бір ай бұрын, бірақ одан ерте емес беруге рұқсат етіледі.

8. Ақылы азық-түлік алуға құқылы әскери қызметші немесе оның мүшелері шекара заставаларынан, шалғай аудандарда орналасқан оқшау жабық гарнизондардан бір айдан астам мерзімге кеткен жағдайда кеткен адамдарға ақылы азық-түлік беру жүргізілмейді.

9. Әскери қызметшілердің тілегі бойынша азық-түлікпен ақылы қамтамасыз етудің орнына олардың тамақтануы шарттық негізде әскери бөлімдердің асханаларында ұйымдастырылуы мүмкін.

10. Азық-түлікпен ақылы қамтамасыз ету:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін - "Тылдық қамтамасыз ету түрлері бойынша нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 762 қаулысымен ;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері үшін - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 қаңтардағы N 43-3қ қаулысымен бекітілген нормалар бойынша жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

Бұл ретте, әскери қызметшіге және оның отбасының әрбір мүшесіне ақылы азық-түлік бір адамға тиесілі нормасынан асырылмайтын мөлшерде беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 30 қазандағы

№ 1152 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдері ұсынатын тауарлар мен көрсететін қызметтерін сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдері ұсынатын тауарлар мен көрсететін қызметтерін сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесі "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 12-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында және комендатураларда қызмет өткеретін әскери қызметшілер (мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) мен олардың отбасы мүшелерін қамтамасыз ету жағдайында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдері ұсынатын тауарлар мен көрсететін қызметтерін сатудан түскен қаражатты пайдаланудың тәртібін белгілейді. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.31. № 912 қаулысымен.

2. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен қаражатты пайдаланудың тәртібі

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдері ұсынатын тауарлар мен көрсететін қызметтерін сатудан түскен қаражат мынадай бағыттар бойынша п а й д а л а н ы л а д ы :

тамақ өнімдерін сатып алу мен олар бойынша шығыстарға;
ағымдағы шаруашылық мақсаттар үшін материалдар мен тұрмыс заттарын
с а т ы п а л у ғ а ;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті аударымдар мен салықтарды ескере отырып, қосымша қызметтер көрсету үшін шарттық негізде тартылған қызметкерлерге еңбекақы төлеуге;
әскери қызметшілерге (мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) ақылы қызметтер көрсетілген кезде түсетін коммуналдық қызметтерге, электр, жылу энергиясына ақы төлеуге.

3. Есепке алудың және есеп берудің тәртібі

4. Әскери бөлімдердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерін азық-түлікпен ақылы қамтамасыз ету жөніндегі ұсынатын қызметтерінің бағасы Қазақстан Республикасының тиісті аймақтарында (облыстарында) қызметтер бойынша қалыптасқан бағаларды ескере отырып, азық-түлік үлесінің құнына пайыздық қатынаспен белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдері тауарлар мен көрсететін қызметтерін сатудан түскен қаражат әскери бөлімнің ағымдағы шотына аударылады және нысаналы мақсаты бойынша қатаң жұмсалады, бюджет қаражатына билік ету құқығы берілген әскери бөлім командирі оларға билік етуші болып табылады.

6. Тауарлар мен көрсетілген қызметтерді сатудан түскен қаражатты есепке алу мен есеп беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Тауарлар мен көрсетілген қызметтерді сатудан түскен қаражатты жұмсау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен шығыстар сметасы жасалады және бекітіледі.